

«Күләш Байсейітова атындағы
Қазақ ұлттық өнер университеті»
РММ Ғылыми кеңесінің шешімімен
БЕКІТІЛДІ

«23 сәуір 2025 ж. Мұнайханым тағама
Ғылыми кеңестің төрағасы


Г. А. Ахмеджанов



6B02155 «МУЗЫКАЛЫҚ ТЕАТР РЕЖИССУРАСЫ» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН ТАЛАПТАРЫ

✓ БАКАЛАВРИАТ

Кафедра атауы	Білім беру бағдарламасының атауы	Топ	Мектептен н/е колледжден кейін қабылдау	Даярлық топ	Шекті балл
«Музыкалық драма және қырышқақ театр өнері»	6B02120 «Музыкалық театр режиссура»	Қазақ	Жалпы орта н/е кәсіптік мектеп және колледж	Жоқ	75 грант және ақылы

• Мамандырылу бойынша емтихан талабы:

«Музыкалық театр режиссура» білім беру бағдарламасы бойынша жоғары оқу орнына түскісі келетін талапкерлердің орта немесе арнайы орта (Режиссура, актерлық өнер, хор дирижерлеу мамандықтары бойынша кәсіби колледж) білімі болуы

міндettі. Талапкерлер өзінің өнерге деген дарыны мен қабілетін, табиғи шығармашылық әлеуетін, музикалық қарым-қабілетін, өлшем-ырғакты қабылдау мүмкіндігін, бейнелі ойлау, интеллектуалдық деңгейі мен дүниетанымын, көркемдік талғамын, жігер-қайратын, көрсете білуі шарт. Талапкердің денсаулығында кемшіліктері болмауы тиіс.

Талапкердің жас шамасы:

Кыздар → 17 мен 30 жас аралығында

Ұлдар → 17 мен 35 жас аралығында

БІРІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН - режиссер экспликациясын жазу:

Емтихан барысында талапкер режиссура және драматургия жанрының теориялық ғылыми негіздеріне сүйене отырып, әлемдік драматургиялық шығармалармен қатар, қазақ драматургиясының озық улгілерінен бір пьесаны таңдал,, оны қалай сахналайтыны жайында режиссерлық экспликация жазуы керек.

Пьесаның авторына анықтама бере отырып:

Пьесаның тақырыбын, идеясын, жанрын, драмадағы тартысқа арқау болған алғашқы, басты, шешуші оқиғаларды анықтап жазады.

Пьесадағы кейіпкерлердің мақсат-мұddeлерінің қайшылышынан туындаған басты тартысты анықтап, оны тудырған басты себептерді драматург ұсынған деректерге сүйене отырып дәлелдеуі қажет.

Пьесаның музикалық көркемделуін, кейіпкерлердің дауыс тембрі (тенор, баритон, сопрано, контрапальто) мен дауыс диапозонын (бір нмесе бір жарым октава) автордың берген мінездемесіне сүйене отырып, өз көзқарасын да ашып жазады.

Режиссерлық шешім: - талапкердің пьесаны қаншалықты терең түсінгендігін, оның болашақ қойылымының образдық бейнесі, айттар ойы бүгінгі күнмен қаншалықты үндесіп жатқандығын айқын көрсетеді.

Талапкер өмір шындығы мен өнер шындығының ара-жігін ажырататын критериларды білуі қажет.

Қосымша - Болашақ қойылымның жанрлық ерекшелігіне сай, қандай театрдың сахнасында қоятынын, қойылымында белгілі қандай актерлер ойнайтындығын, қандай композитордың музикасын пайдаланатынын, музика жанрын және де, қандай театр суретшісінің көмегіне жүгінетінін режиссер экспликациясында ашып жазуы керек.

ЕКІНШІ ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАН - коллоквиум:

Шығармашылық емтихан II-ші кезең (аудында)

Емтихан барысы билет алу, сұрақтарға жауап беру арқылы өтеді.

(мамандықта байланыстықосымша сұрақтар болуы мүмкін)

(емтихан барысында қосымша тапсырмалар болады)

Талапкер қабылдау комиссиясы ұсынған 30 билеттің біреуін таңдайды. Емтихан билеті 3 сұрақтан тұрады. Емтихан тапсырушы билет сұрақтарымен толық танысып, жүйелі түрде жауап беруі керек. Қабылдау комиссиясының шешімімен қосымша сұрақтар қойылады.

Әлемдік және қазақ драматургиясы, театр тарихы, қазақ халық композиторлары (Біржан сал, Ақан сері, Майра, Жаяу Мұса, Құрманғазы Сағырбайұлы, Дина Нұрпейісова, Сүгір Әліұлы, Қорқыт, Мұхит Мералыұлы, Жамбыл Жабаев, Кенен Әзірбаев және А.Қ.Жұбанов, А.Хамиди, Е.Г.Брусиловский, Б.Г. Ерзакович, М.Төлебаев, С.Мұхамеджанов, Ә.Еспаев, И.Жақанов, Ш.Қалдаяқов) мен қазақстан композиторларының шығармаларының өркендеріндең қалыптасу кезеңдері және бүгінгі таңдағы театр тынысы, әдебиет, музыка, кино, би, бейнелеу өнері туралы сұрақтар қойылып талапкерлердің білім деңгейі, ой-өрісі анықталады. Ойын жинақтаап, жауап беруі үшін 10-12 минут уақыт беріледі.

Қосымша - талапкер қара сөз, поэзия, мысал, ән, би, музыкалық аспабтардың сүйемелдеуімен шығармалар орындаған өнердің бар саласы бойынша өзінің мүмкіндігімен, бойындағы талантын көрсетуге мүмкіндігі бар.

ЕСКЕРТПӨ:

Емтихан барысында байланыс құралдарын (мобилді телефон, бейне-камералар, смартфон сағаттар т.б) пайдалануға рұқсат етілмейді.

2. Емтихан кезінде концертмейстер немесе көмекші құралдар (музыка жазылған флешкалар, музыкалық аспалтар т.б.) пайдалануға мүмкіндігі бар.

3. Би және акробатикалық элементтерді т.б қимыл-қозғалысқа құрылған тапсырмаларды орындау барысында қауіпсіздік ережесін мұқият сақтау қажет.

• Шығармашылық емтиханның бағалау критерийлері:

Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>I</i> шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері <i>I шығармашылық емтихан</i>	Бағалаудың балдық көрсеткіші <i>II</i> шығармашылық емтихан	Бағалау критерийлері <i>II шығармашылық емтихан</i>

45-50	Талапкер драматургия жанрының ғылыми негіздеріне сүйеніп, емтихан талаптарын жақсы біліп, жоғары деңгейдегі дайындығын көрсете алса;	45-50	Билеттегі сұрақтарға толық жауап бере отырып, өзінің интеллектуалдық деңгейін, дүниетанымы мен эстетикалық талғамын көрсете білген жағдайда бағаланады;
40-44	Талапкер емтихан талаптарын орындауда өзіндік болмысын, өзіндік көзқарас, дүниетанымын толық жеткізе білсе;	40-44	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға өте жоғары деңгейде толықтай жауап бере алса;
35-39	Талапкер пьесадагы автор ойын толық түсінбесе, кейіпкерлердың қарым-қатынасын толық ашып жеткізе алмаса;	35-39	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтардың 80% жауап бере алса, сондай ақ қосымша қойылған сұрақтарға нақтылы жауап берсе;
30-34	Талапкер пьеса кейіпкерлерінің қарым-қатынасын ашуадагы сахналық образ ерекшелігін толық ашып көрсете алмаса;	30-34	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтар мен қосымша қойылған сұрақтарға қанагаттанарлық деңгейде жауап бере алса. Емтихан тапсырып отырған саласы бойынша интеллектуалдық білім деңгейін толықтай көрсете алмаса;
25-29	Егер талапкер жазған жұмысында өзіндік ойын, қойылымындағы кейіпкерлердің адами болмысын, мінездерін толық ашып жеткізе алмаса;	25-29	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтар мен қосымша қойылған сұрақтардың 60% -на орташа деңгейде жауап берсе. Емтихан тапсырып отырған саласы бойынша интеллектуалдық білім деңгейін толықтай көрсете алмаса;
20-24	Егер талапкер шығарма авторының идеясын толық жеткізбесе және таңдалған музыка осы шығармада өз функциясын орындаамаса;	20-24	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтардың 50% -не жауап бере алмаса, ал, қосымша қойылған сұрақтарға жүйелі, кең көлемде жауап бере алса;
15-19	Егер талапкер автордың айтар ойын, негізгі идеясын түсініп, шығарманың жанрын анықтай алмаса;	15-19	Талапкер емтиханға толық дайындықпен келмесе, билетіндегі көрсетілген сұрақтарға шашыраңқы, жауап берсе, қосымша қойылған сұрақтарғада толық жауап бере алмаса;
10-14	Егер талапкер пьесаның тақырыбын, идеясын, кейіпкерлердің мақсат, мүддесінен туындаған басты қайшылықтарды ашып көрсете алмаса;	10-14	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға толықтай жауап бере алмаса. Қосымша қойылған сұрақтарға нақтылай жауап бере алмаса, театр өнері саласы бойынша білім деңгейі төмен болса;
5-9	Талапкердің емтихан талаптарына сай дайындығы өте төмен болса;	5-9	Талапкер билетіндегі көрсетілген сұрақтарға толықтай жауап бере алмаса. Қосымша қойылған сұрақтарға толық жауап бере алмаса, театр өнері саласы бойынша білім деңгейі дүниетанымы төмен болса;
0-4	Талапкердің емтихан талаптарына сай дайындығы мүлдем	0-4	Талапкердің емтихан талаптарына сай дайындығы мүлдем

дайындығы мұлдем болмаса;

болмаса;

Байланыс ақпарат:

Шығармашылық емтиханның сұрақтары бойынша: qyrshaq.teatry@kaznui.kz

Оқуға түсудің жалпы мәселелері: Kaznui.priem@gmail.com

Факультет деканы: Омар Ақыш Қоңыртайұлы 

Кафедра менгерушісі: Туленбаев Жанкалдыбек Муфтиевич 